

**"Тараз қаласында жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер мен пикеттерді өткізуге арналған арнайы орындарды белгілеу және оларды пайдалану тәртібі туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы №59-6 шешіміне толықтырулар енгізу туралы"**

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2020 жылғы 29 шілдедегі № 60-4 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 6 тамызда № 4694 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы Заңының 8 бабына сәйкес, Тараз қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Тараз қаласында жиналыстар, митингілер, демонстрациялар, шерулер мен пикеттерді өткізуге арналған арнайы орындарды белгілеу және оларды пайдалану тәртібі туралы" Тараз қалалық мәслихатының 2020 жылғы 24 маусымдағы № 59-6 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4652 тіркелген, электрондық түрде 2020 жылдың 30 маусымында Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

аталған шешімнің № 1 қосымшасымен бекітілген Тараз қаласында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізуге арналған арнайы орындар, арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың 1 тармағы 3) тармақшамен толықтырылсын.

"3) Қайрат Рысқұлбеков саябағының балалар алаңшасы.";

№ 2 қосымшасымен бекітілген бейбіт жиналыстарды, шерулерді және демонстрацияларды өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету 5 тармақпен толықтырылсын.

|     |  |   |                     |
|-----|--|---|---------------------|
| 1.5 | Қайрат Рысқұлбеков саябағының балалар алаңшасы | Жер учаскесінің көлемі<br>– 3 500 шаршы метр;<br>- жасанды жарықтандыру;<br>электрэнергиясын қосу нүктесі;<br>-бейнебақылау камералары және бейнежазбалар орнатылған;<br>20 тұрақ орындары.<br>(1 кіру, 1 шығу) | 300-<br>500<br>адам |
|-----|--|---|---------------------|

2. "Тараз қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Жамбыл облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Тараз қалалық мәслихаты интернет-ресурста орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Тараз қалалық  
мәслихаты сессиясының төрағасы*

*Тараз қалалық мәслихатының хатшысы*

*А. Джузанов*

*Б. Кулекеев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК